

25.08.2019 ж.

«Елдіктің асыл тірегі – Ата Заң»

2019 жылдың тамыз айының 25 күні абонемент бөлімінде Конституция күніне арналған «Елдіктің асыл тірегі – Ата Заң» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, көрмеге шолу жасалынды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың айтуынша : «Конституция заң жүйесінің негізі. Заң тек тәртіптің ғана емес, сонымен қатар еркіндіктің негізі болып табылады. Құқықтық жүйедегі еркіндік азаматқа деген сенім мен оның мүмкіндіктерін және оның пікірін құрметтеуді білдіреді».

Конституция тақырыбындағы оқулықтар қатарынан Елбасы Н. Назарбаевтың заң ғылымдарының кеменгерлері Г.С. Сапарғалиев, С.З. Зиманов, Ж. Баишев еңбектерін көрмеден табуға болады. Авторлар негізгі заңнамалық құжаттарды, құқық нормаларын талдап, Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелерімен салыстырып, олардың іс-тәжірибеде қалай іске асатынын түсіндіреді.

Көрмеге қызығушылық танытқандар «Заң» газеті, «Заң және заман», «Заң консультациялары», «Юридическая газета» мерзімді басылымдардан еліміздің конституциялық дамуы туралы

саяси қайраткерлер, құқық танушылар мен ғалымдардың ой-пікірін таба алады. Ал Конституция баптарының фотосуреттері түрлі-түсті иллюстрациялар ретінде көрсетілген «Қазақстан Республикасының Конституциясы» альбомы көрмеге ерекше рең берді. Кітап көрмесін екі апта бойы тамашалауға болады.

